



БІЛІМ ШЫҢЫ-

ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

№07 (93)
шілде, 2023



WWW.BILIM-SHINI.KZ



*СОВЕТБЕК Айтұар,
«Төрткүл» жалпы орта мектебінің 6-сынып оқушысы,
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы*

«АҚЫЛДЫ СӨМКЕ» ЖАСАҒАН АУЫЛ БАЛАСЫ АЙТҰАР

БІЛІМ ШЫҢЫН БІРГЕ БАҒЫНДЫРАЙЫҚ!

«Білім шыңы - Ғылым сыры» журналы 9 жыл Сіздермен бірге! «Білім шыңы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы, әрдайым жаңаша жұмыс жасап, ұстаздардың мәртебесін айшықтап, біліктілігін арттыру үшін журналға ең қажетті материалдарды жариялап келеді. Журналымыздың «Озат тәжірибе – баршаға ортақ», «Үздік сабақ», «Ізгілікке жол ашқан», «Мерейлі мектеп», «Білім тынысы», «Білімнің жаңа жүйесі», «Болар елдің баласы», «Ғылымға қадам», «Жыр жазамын жүрегіммен», «Құрмет тақтасы» сияқты айдарлары бойынша жарияланған сапалы материалдардан ұстаздар қауымының үйренері көп деп сенеміз.

Бірге болайық, білім алауын бірге жағайық!



Журналға жазылыңыз!

Қазпошта арқылы 6 айға
жазылу бағасы 3440 тенге
индекс:74871



Сіздерден құнды материалдар күтеміз!

Журнал лицензиясы - №15454-Ж (01.07.2015)
Республикалық журнал+Сертификат+Грамота



Аттестацияға 100% жарамды

8778 625 20 78
8775 076 78 76

МЕКТЕП -ТӘРБИЕ ОРДАСЫ



*ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,
бас редактор*

Қазақ Елінің білім беру саласы бойынша жеткен жетістіктері ұшан-теңіз. Әлемдегі дамыған елдердің білім беру саласындағы үздік тәжірибесі негізінде жасалған төл білім беру жүйеміз бар деп мақтанышпен айта аламыз. Дегенмен, тәрбие саласында тиімді жүйенің әлі қалыптаспағанын да мойындауымыз керек. Еліміздегі тәрбие саласы бойынша түбегейлі реформалар жасау керек деп ойлаймын. Қазақстанда қазір жақсы дәстүр қалыптасып келеді. Ел үшін ең маңызды мәселелерді алдымен Ұлттық құрылтайда талқылау арқылы болашақта болуы мүмкін қателіктерінің алдын алуға болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында Ұлттық құрылтай құруды ұсынған болатын. Сол жылы 16 маусымда Ұлытауда Ұлттық құрылтайдың тұңғыш отырысы өтті. Ұлттық құрылтайдың тұңғыш жиыны исі қазақтың қастерлі мекені Ұлытауда, Жошы хан кесенесі іргесінде өтті. Бір жағынан мұның символдық мәні бар. Мемлекеттігіміздің тарихы Алтын Ордадан бастау алып, Қазақ хандығы дәуірінде қалыптасып, Алаш Орда кезеңінде жалғасып, тәуелсіз Қазақстан тұсында қайта жаңғырды. Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы 2023 жылғы 16-17 маусым күндері түгел түркінің темірқазығы Түркістанда өтті. Ұлттық құрылтайдың екінші отырысын қорытындылаған Президент «Былтыр Ұлытауда, биыл киелі Түркістанда бас қосып, елдік мәселелерді талқыладық. Ел тарихында айрықша орны бар тағы бір аймақ – Атырау облысы. Ондағы әйгілі Сарайшық қаласында атақты хандарымыз ордасын тіккен. Мен Ұлттық құрылтайдың келесі отырысын осы шежірелі аймақта өткізуді ұсынамын» деді.

Киелі Түркістанның төрінен халыққа сөз арнаған Президентіміз «Шығыстың ұлы ғұламасы әл-Фараби тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы екенін айтқан. Бала тәрбиесі – ең алдымен, ата-ананың міндеті. Алайда кейде ата-аналар дұрыс тәрбие берудің орнына өздері жағымсыз үлгі көрсетеді. Балалардың тәртібіне бейтарап, селқос қарайды, тіпті, жауапкершіліктің бәрін мектепке, мұғалімдерге жүктейді. Мемлекеттің ең басты байлығы – адам, яғни азаматтар. Бұл – анық нәрсе. Десек те, ата-аналар баланы, ең алдымен, мемлекет, Үкімет не қоғам үшін емес, өзі үшін дүниеге әкеледі. Әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс. Сол сияқты мектеп те – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Осыған орай балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беруіміз керек, сондай-ақ белсене атсалысуымыз қажет. Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. Оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек. Отаншылдық және мемлекетшілдік қасиет әр баланың бойынан табылуы қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелейтін патриоттық ұйымдардың жұмысын жандандырған жөн» деген болатын. Мемлекет басшысының осы сөздері еліміздегі тәрбие саласындағы реформаның басты бағыты болатыны белгілі. Мектеп тәрбиенің ордасы болады, ата-аналар ізгіліктің арнасы болады, әр баланың жүрегі Отаным деп соғады. Еліміздің жас ұрпағын адал азамат етіп тәрбиелеу – қазіргі заманның басты талабы. Тәрбие ордасы мектебіміздің білімді де тәрбиелі түлектері ел мақтанышы бола берсін, Қазақ Елінің бақ жұлдызы жарқырап жана берсін.

«АҚЫЛДЫ СӨМКЕ»

ЖАСАҒАН АУЫЛ БАЛАСЫ

АЙТУАР



Білімді жастар бүкіл елдің жарқын болашағына жол ашады. Сондықтан да дарынды балаларға қамқорлық жасау мемлекетіміздің ең маңызды міндеті деп ойлаймын. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы «Сүйер ұлын болса, сен сүй, Сүйінерге жарар ол» деп жас ұрпаққа үлкен сеніммен қарау керек екені туралы жақсы сөз қалдырған. Қазіргі кезде елімізде

қаншама дарынды балалардың ел мақтанышына айналып, мемлекетіміздің мерейін биіктетіп жүргені қуантады. Бүгін мен отбасымыздағы үлкен қуаныш туралы сөз қозғап, өз ойларымды ортаға салуды жөн көріп отырмын. Түркістан облысы, «Төрткүл» жалпы орта мектебінің 6 сыныбында оқитын ұлымыз Айтұар Советбек 1 жыл бұрын жол апатына түсіп, оған күрделі ота жасалған еді. Дәрігерлер ұзақ уақыт ауыр зат көтеруге

тиым салды, тіпті кітап-дәптер көтеруге де болмайтынын айтты. Айтұарға үйде білім алу ұсынылды. Сабактан қалғысы келмеген Айтұар көп ізденіп, өзі жүретін сөмке, яғни, ақылды сөмке ойлап тапты. «Үйде жатып оқу қиын, қатарыңнан қалып қойғандай күй кешесің. Мектепке барайын десем денсаулығым жарамады, оқу-құралымды таситын бір адам керек. Ал үйдегілердің жұмысы бар, үнемі менің қасымда жүрмейді ғой. Сосын кітаптарымды тасу үшін пульспен жүретін сөмке болса деп ойлап, оны алдымен

қағаз, картоннан жасап көрдім. Пластмасса жәшігін одан басқа бірнеше материалды пайдаланып, тиімділігін тексердім. Ең бірінші сөмкем пластмассадан жасалды, кітап-дәптерлерімді салып мектепке дейін барамын. Ал сатыдан көтеруге сыныптастарым көмектеседі», - деп өз ойын білдіріп жүр қазіргі кезде Айтұар журналистерге берген сұхбаттарында. Айтұардың бұл идеясын ата-анасы ретінде біз де қолдап, дизайнна баса мән беріп, ұлымыздың ойлап тапқан ақылды сөмкесінің сырт пішінін жасауға көмектестік. Ақылды сөмкені қалай жүргіземіз деген ойын ол алғаш рет маған айтқан болатын. Өзінің бала күнгі ойыншықтарының ішінде бір машинасы бар еді, сол машинасының қозғалтқышын алып, қалай орналастыратынын түсіндірді. Ақылды сөмкені иесі пульспен басқарып жылжыта алады. Қисық жол мен шоқалақтан да оңай өткізуге болады. Айтұар жасаған ақылды сөмке жайлы Оқу-ағарту министрлігінің ресми парақшасында жарияланғаны бізді үлкен қуанышқа бөледі. Содан кейін Айтұардың жұмысы жайлы элеуметтік желі қолданушылары жарыса жазып, ұлымыз бір сәтте жұлдыз болып шыға келді. Қазіргі заманның талабына сай бұл да бір

жақсылықтың белгісі шығар. Оқу-ағарту министрлігіндегі үлкен қызметкерлер Айтұардың жұмысын жоғары бағалап жатса, барша жастарға үлгі етуге болады деген шығар деп ойладық. Ақылды сөмке жасаған Айтұар ғылымда орнын табады, жастарға үлгі болады. Оның еңбексүйгіштігін, адалдығын, биік талабын, ізгі қадамын барлық балаларға үлгі деп ойлаймыз. Айтұар бала кезінен өнерге құштар болып өсті. «Самал» балабақшасында тәрбиешілері өте тамаша жандар болатын. Айтұар қазірге дейін өнерден қол үзген емес, оның бір дәлелі Байқоныс Серік ағайының вакал үйірмесіне қатысады. Жалпы Айтұар ең кенже ұлымыз, яғни отбасымыздағы бір ұл. Ол жазғы демалыстарының өзін тиімді пайдаланады. Мысалы, танертең тұрып, сағат



9-да ауылымыздағы спорт кешеніндегі волейбол үйірмесіне қатысады. Бос уақытын өзін жанжақты дамытумен айналысады. Біздің өзіміздің отбасылық кәсібіміз бар, 5 гектар жерімізге бау-бақша егеміз. Айтұар әкесінің қолғанаты болып, бау-бақша жұмыстарына да көп көмегін көрсетіп жүргені қуантады. Қазір Айтұар өзі жасап шығарған ақылды сөмкені одан әрі дамыту үстінде, сатыдан өзі шығатын механизм жасап, өнімін сатылымға шығару да ойында бар. Айтұардың ақылды сөмкесі робото-техниканың қолданылуының бір мысалы деп ойлаймын. Робототехника болашақта қарқынды түрде дамып, барлық өндірістің өзегіне айналатыны анық. Сондықтан да жастарымыздың жаңа технологияларды терең меңгеріп, бәсекеге қабілетті маман болуы үшін барлық жағдайды жасауға тиіспіз.

ИГИЛИКОВА Нургул Абдрашқызы,
«Төрткүл» жалпы орта мектебінің
технология пәнінің мұғалімі
Түркістан облысы

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ӨЗЕКТІЛІГІ

*ЖАБАЕВА Лаззат Ережеповна,
«Болашақ» мектеп-гимназиясының педагогы,
Түркістан облысы, Қазғұрт ауданы*

Қосымша білім беру педагогы - тұлғаның талантын, ақыл-ой мен дене қабілеттерін дамытуға, жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін білікті педагог, сонымен қатар балалар орталықтарында, мәдениет сарайларында және т.б. қосымша білім беру курстарын/үйірмелерін жүргізеді. Клубтардың, үйірмелердің, секциялардың, әуесқой бірлестіктердің жұмысын ұйымдастырады, балалармен және жасөспірімдермен пәндік жеке немесе топтық жұмыстарды жүргізеді.

Қосымша білім беру педагогтарының мұғалімнен айырмашылығы - есеп беру құжаттарын аз дайындайтындығында және сабаққа баға қоймайтындығында. Алайда оларға білім алушылармен практикалық жұмыс жүргізуде үлкен жауапкершілік жүктеледі. Қызмет түрлерінің үнемі өзгеріп отыруы қосымша білім беру педагогының барлық талантын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Олардың міндеттеріне мыналар жатады:

- жұмыс бағыты бойынша сабақты жоспарлау және өткізу;
- сабақ барысында балаларға қарау;
- ата-аналармен жұмыс.

Осы саланың маманы командада жұмыс істей білуі керек, өзін-өзі ұйымдастыру және өздіген білім алу қабілетіне ие болуы тиіс, шығармашыл, белсенді болуы керек және балаларды жақсы көруі міндетті.

Мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ танымдық қызметті дамыту және оқыту ынтасын қалыптастыру – мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың аясында педагогтардың алдында тұрған басты міндеттер осы, оның тұжырымдамалы негізі баланы білімге қанықтыру емес, керісінше алдағы өмірдің түрлі салаларындағы мәселелерді өз бетімен және шығармашылық тұрғыдан шешуге мүмкіндік беретін біліктіліктерді дамыту болып табылады.

Алған дағдыларын қолдануды үйренгендер ғана осы дағдыларды меңгереді, ертеңгі күннің көшбасшыларына айналады. Осындай білім мен дағдыларды игеру үшін балаларға STEAM-бағыт береді, ол қазіргі әлемдік білім берудегі негізгі трендтердің біріне жатады.

STEAM дегеніміз не? Егер осы аббревиатураны талдайтын болсақ, онда мынау шығады: S – science,

T – technology, E – engineering, A – art және M – mathematics.

Алғаш қарағанда аббревиатура ауқымды әрі күрделі секілді көрінеді, алайда, талдай келе, бәрі түсінікті: жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерлік өнер, шығармашылық – бүгінде қазіргі әлемде сұранысы арта түскен пәндер осы. Осы бағыттың мәні – жоғарыда аталған пәндерді кешенді оқыту. Білім алушылардың білімінің мықты математикалық және ғылыми негізін қалай отырып, инженерлік және дизайнерлік әдістердің көмегімен сыни ойлау дағдылары қалыптасады, нақты әлемде кездесетін мәселелерді шешуді үйретеді.

Мен «Қосымша білім беруде STEAM технологиясын қолданудың ерекшелігі мен өзектілігі» деген тақырыпта шығармашылық жұмыспен айналысып келемін. STEAM-білім берудің үздік педагогтері мақсат тек қана құзыретті жұмыс күшін тәрбиелеу ғана емес, оқушылардың «қатты» және «жұмсақ» дағдыларын қалыптастыру қажеттігін де көреді.

Қазіргі білім беру процесі ресми және бейресми білімнің интеграциясымен сипатталады, бұл білім мен дағдыларды алудың нақты орнына қарамастан, білім алу процесінен оны тануға және бағалауға баса назар аударуды білдіреді. Сондай-ақ, жалпы білім беру жүйесіндегі қосымша білімнің рөлін арттырады, олардың білім алу процесіне маңыздылығын теңестіреді.

STEAM - білім беру тұжырымдамасы аясында қосымша білім берудің маңыздылығын бірнеше жағынан байқауға болады. STEAM-нің негізгі идеясы – бұл теориялық білім сияқты, тәжірибе өте маңызды. Яғни оқу кезінде біз тек миымызбен ғана емес, қолымызбен де жұмыс жасауымыз керек. Сынып ішіндегі білім жылдам өзгеріп жатқан әлемге ілесе алмай жатыр.

STEAM тәсілі – бұл оқыту әдісі ғана емес, ол ойлау тәсілі.

STEAM білім беру ортасында балалар тек білім алып қоймай, оны қолдануды үйренеді.

STEAM тәсілінің басты ерекшелігі – балалар әртүрлі пәндерді ойдағыдай оқып үйрену үшін миын да, қолын да пайдаланады. Яғни алатын білімді өздері өндіреді.

Қорыта айтқанда, мақсаттар жүзеге асқан кезде біз қатарынан оқ бойы озық тұратын, кеңінен әрі

терең, саналы ойлана алатын, өзге елдермен бәсекеге түсе алатын әрі бәсекеге қабілетті, елін сүйетін, оның болашағына қызмет ете алатын, адал ұрпақ қалыптастыра аламыз.

Заман уақыт өткен сайын өзгеріп, дамып келеді. Сол замана көшінен біздің еліміз де қалмауы керек. STEAM – ғылымын қолдана отырып жас ұрпақты заманауи білім әдісіне үйрету және болашақта игерер мамандықтар арасын қосатын көпір десек те болады. Оның тұжырымдамасы бойынша білім алушы бүгінгі жас ұрпақ технологиялық тұрғыдан

алғанда дамыған әлемге дайындалады.

Ж.Аймауытовтың «Ұстаздың жұмыстанатын ісі – үздіксіз қимылда болатын, үнемі қозғалатын, өсуі болатын, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдіске табан тіреп шектеліп қалуға болмайды» деген сөзі қазіргі кезде де өзекті деп ойлаймын. Ұстаздарды бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, өзара ынтымақтаса отырып, бірігу арқылы еліміздің болашағы жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде қажымай, талмай, жаңашылдықпен, шығармашылықпен жұмыс жасауға шақырамын.



ТАНЫМ ЖӘНЕ САНА

УРАЗЫМБЕТОВА Ардақ Елеусизовна,
Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының
әдіскері, педагогика-психология ғылымының магистрі.


Адам саналы тіршілік иесі ретінде өзін қоршаған дүниені тани білуге ұмтылады. Санасыз тіршілік иесі болу мүмкін емес, тіршіліктің қайнар көзі сана-сезім болып табылады. Сана таным арқылы даму үстінде болады. Таным барысында әрбір заттың, құбылыстың орасан көп қасиеттері, белгілері байқалады, танымның түпкі мақсаты құбылыстардың ішкі табиғатын игеру, оны бейнелеу және соның нәтижесінде адамның іс-әрекеттерінде пайдаланып, іске асыру. Айналадағы болып жатқан өзгерістердің, процесстердің және заттардың бір-бірімен байланысы адам санасынан тыс, тәуелсіз өмір сүреді. Ақыл-ойдың, практикалық қызметтің және түсініктер мен қабылдаудың арқасында біздер түрлі құбылыстардың қасиеттері мен байланыстарын танып білеміз. Таным арқылы заттар мен құбылыстардың адам санасында идеалды образы анықталатынын ажырата білу қажет. Олай болса, мәдениетті адам әрекетінен оның өзгертуші қызметін бөліп алу мүмкін емес.

Таным - адам арнайы танымдық мәселе мен есептерді қойып, мақсатты түрде қол жеткізетін ақпараттың жоғарғы деңгейі. Таным теориясы туралы термин философия ғылымына 1854 жылы шотланд философы Дж.Феррердің еңбектері арқылы енді. Бірақ таным туралы мәселе өте ертеден бастап-ақ қойылып келеді. Өйткені, танымнан тыс білім де, ғылым да болуы мүмкін емес. Таным ұғымы өте күрделі категориялардың бірі, танымның өзі екі құрылымнан тұрады. Таным барысында болмыстың түрлі қырлары ашылады,

қоршаған дүниедегі заттардың, құбылыстардың сыртқы жақтары мен мәні ашылады, сонымен қоса таным қызметінің субъектісі — адам адамды, демек, өзін-өзі зерттейді.

Адам қызметінің қажетті шарты ретінде табиғат пен қоғам адамның мәдени болмысының көрінісі болып табылады. Өйткені, тек табиғи және қоғамдық ортада ғана адам өзінің күрделі адамдық қасиетін білдіре алады. Сонымен бірге табиғат қандай бір мәдениет болмасын ол одан бұрын болады, мәдениеттің пайда болып, дамуының алғышарттары рөлін атқарады. Табиғат пен мәдениеттің бірлігі шартты, олар бір-біріне қарсы емес, қайта мәдениеттің дамуына табиғат әсерін тигізсе, мәдениет өз кезегінде табиғаттың мәдени тұр алуына жағдай туғызады.

Сана - адам миы қызметінің жемісі. Бірақ ми жан-жануарларда да бар.





Ал сана тек адам миының ғана жемісі. Оның пайда болуы екі факторға байланысты: бірі - еңбек, екіншісі - тіл. Адам санасы оның еңбек ету процесінде пайда болып, дамыды. Еңбек - еңбек құралын жасаудан, басқаша айтқанда, белгілі мақсатқа жетуде алғашқы адамдардың тасты қашап одан кесуге болатын, не соғуға болатын құрал жасаудан басталады. Ондай құралды табиғат жасамайды, табиғат заттарын өңдеп, адам жасайды.

Сана рухани таза жанға тән, жалпы алғанда сананы үшке бөлуге болады: материалдық болмысқа жататын сыртқы тән сезімі; ішкі ой-өріс сезімі; рухани болмысқа жататын алғашқы таза сана — рухани сана. Сана құрылымына эмоциялық, соның ішінде адамның көңіл-күйлері сезімі, сонымен бірге ерік процестері, ол адамның алдына қойған мақсатына ұмтылуы, талаптануы және соған байланысты әрекет жасауы жатады. Өзіндік сана – адамның өзін тұлға ретінде түсіну және бағалау, адамның өзінің іс-әрекеттері мен олардың нәтижелерін, өзінің өзге адамдармен өзара әрекетін және өзіне қатынасын құратын, индивидтің өзі туралы шартты түрде тұрақты, азды-көпті ұғынылған түсініктерінің қайталанбас жүйесі.

Л.С.Рубинштейн былай дейді: «өзіндік сананың дамуының нағыз қайнар көзі мен қозғаушы күшін - оның айналасындағылармен өзара қатынасының өзгеруінде көрінетін индивидтің шын мәніндегі дербестігінен іздеу керек». Өзіндік сана тұлғаның әрі қарай дамуына әсер етеді, ал өзіндік сананың дамуындағы жағымсыз ауытқулар тұлғаның үйлесімді құрылымын бұзып, мінезінің бұрыс қалыптасуына алып келеді.

Қоғам дамуы - адам әрекетінің жемісі, бірақ қоғамдық өмірді, оның жеке-жеке салаларын өзгерте отырып, адамның өзі де өзгереді, өндіріс дамуы

адам қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймайды, жаңа қажеттіліктер де туғызады, ал мұның өзі еңбек құралдарын үнемі жетілдіріп отыруға түрткі болады. Кемелденген, күрделі еңбек құралдарын неғұрлым меңгерген сайын, адам қабілеттері де соғұрлым жетіле түседі, адам әрекеті белсенді жасампаздық сипатқа ие болады. Өндірістің, өндіргіш күштің дамуы арқасында адамдарда қалыптасқан еңбекке қабілеттілік, білім, рухани мәдениет сияқты қасиеттер, яғни материалдық игіліктерге қарағанда әлдеқайда тұрақты, тиянақты болып шығады.

Сананың аса маңызды қасиеті оның есеп беруі болып табылады. Адам өзінің ниеті мен күйзелісі, ойы мен түйсігі туралы өзіне-өзі есеп береді, демек, сана тек қана сыртқы білімді емес, өзін білуді де қамтамасыз етеді, яғни сана өзіндік сана-сезім түрінде де көрініс табады. Адам есеп беруінің арқасында өз күшін реттей алады, өзін түзетіп және дамытып отырады. Адамның өзін-өзі тануда, оны басқаның бағалауы мен ұжымдық бағаның маңызы ерекше. Егер бір адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқын сыңар жақты бағалау тұрақты сипат алса, онда сол адам өзінің қабілеті немесе мінезі жайындағы осы сыңар жақ бағаны малданып алады да соған мойын ұсынады. Өзін-өзі тану өзіндік сана-сезімнің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Өзін-өзі тану - адамның өз психологиялық және физикалық ерекшеліктерін зерттеп білуі. Адам өзін тікелей де, жанама түрде де танып біледі. Өзін-өзі тәрбиелеу адам дамуының жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Өзін жетілдірумен айналыса бастаған адам тәрбиелеудің объектісі ғана емес, сонымен бірге субъектісіне де айналады, яғни оны тек қоғам тәрбиелеп қана қоймайды, ол өзі күш жұмсап та тәрбиеленеді..

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – БАРЛЫҚ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ӨЗЕГІ

**АХМЕТОВА Сабира Тастановна,
ШАЙМЕРДЕНОВА Ләззат Ергалиевна,
ЕРМЕКБАЕВА Гүлжан Ыдырысовна,
М.ӘУЕЗОВ атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің оқытушылары.
Шымкент қаласы**

Білімге ұмтылу, жақсыны үйреніп, жаманнан жиренуді ата-бабамыз бұрыннан-ақ айтып келеді. Бұл ендігі ұлттық идеологиямызға айналуы тиіс, ХХІ ғасырдағы адамзаттың басты, негізгі құндылықтары білімнен басталатын болады. Болашақ – жастардың қолында.

Әлемнің әртүрлі елдерінде экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайларды дамытуға жаһандық бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникациялық тетіктердің рөлі мен әсері күшеюде. Соңғы жылдары экономикалық және саяси жағдайлары әртүрлі елдерде болған терең өзгерістер бұқараны, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану: әлеуметтік желілер, ұялы телефондар мен арнайы сайттар арқылы қысқа хабарламаларды (SMS) жаппай жіберу арқылы басқарудың жаңа технологияларының осы процестерінде басты рөлді көрсетеді. Қазақстан халқының арнайы желілер мен блогтарды кеңінен пайдалануы Қазақстан Республикасының ұлттық мүддесіне зиян келтіретін ішкі саяси ахуалға мақсатты ықпал ету, оның ішінде жаппай тәртіпсіздіктер, наразылықтар мен басқа да саяси және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды ұйымдастыру үшін оларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Ұлттық ақпараттық кеңістіктің ашық болуына және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде телевизияның және интернет-ресурстардың (пошта қызметтері, әлеуметтік желілер, блогтар мен бейнепорталдар) танымалдығына байланысты халықтың қоғамдық санасына ақпараттық әсер етудің нақты қаупі пайда болып отыр. Ақпараттық ықпал ету Қазақстан Республикасының мүддесіне қайшы келетін идеяларды тікелей күштеп тану түрінде және ақпаратпен айла-шарғы жасау арқылы немесе оған тенденциялық комментарий жүргізіп жасанды қолдау көрсететін белгілі бір ақпараттық көрініс құру түрінде де көрінуі мүмкін. Осындай қоғамдық санамен айла-шарғы жасауға қарсы іс-қимыл жасау үшін мемлекеттік

ақпараттық саясаттың тиімділігін едәуір жақсарту, мемлекеттік органдардың ашықтығын жоғарылату, азаматтардың ақпарат алу құқықтарының қамтамасыз етілуін арттыру талап етіледі.

Отандық контенттің бәсекеге қабілетсіздігі проблемасы айтарлықтай қатер тудыруда. Оның сапасы шетелдік ақпараттық және ойын-сауық өнімдерімен толық бәсекелесу үшін жеткіліксіз болып қалуда. Ұлттық ақпараттық кеңістіктің ашық жағдайында бұл оның танымалдығын төмендетуге алып келеді. Өз кезегінде танымалдығының төмен болуы, оны өндіруге айтарлықтай инвестиция тартуға мүмкіндік бермейді, бұл отандық контент өндірісінің жеткіліксіздігіне алып келеді.

Мемлекеттің, бизнестің және қоғамның тиісті қажеттіліктеріне отандық ақпараттық технологиялардың болмауы шетелдік жабдықтар мен ақпараттық жүйелерді еріксіз пайдалануға алып келеді. Нәтижесінде деректер қоры мен банктеріне рұқсатсыз қол жеткізу ықтималдығы жоғарылайды, сондай-ақ елдің шетелдік компьютерлік және телекоммуникациялық және бағдарламалық қамтамасыз ету техникаларын өндірушілерге тәуелділік артады.

«Электрондық үкімет» құрамына енгізілген мемлекеттік деректер қорлары қорғалуының жай-күйін тексеру азаматтардың жеке деректерін қорғаудың барабар құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық режимінің жоқ екенін көрсетті. Тиісті тетіктердің болмауы жеке деректерді криминалдық мақсаттарда, оның ішінде құжаттарды қолдан жасау, алаяқтық, әр түрлі дерекқорларды заңсыз көшіру және тарату мақсатында жеке қорларды асыра пайдалану үшін алғышарт жасайды.

Ақпаратты қорғау жүйесінің жұмыс істеу тиімділігі жеткіліксіз. Атап айтқанда, ақпараттарды рұқсатсыз қол жеткізу мен көшіруден қорғаудың техникалық құралдары әлсіз пайдаланылады. Ақпараттың таралуына қарсы әрекет ететін қауіпсіздік саясаты мен ұйымдық-техникалық

шаралар іске асырылмайды, бұл өкілеттіктерді пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалануға әкеледі. Деректерді қорғау жүйесінің болмауы және жалпы мемлекеттік ауқымда ақпаратты қорғау жөніндегі шаралардың әлсіз үйлестірілуі, ақпараттың тұтастығы мен құпиялылығын қамтамасыз етудегі ведомстволық бытыраңқылық маңызды ақпараттың жоғалуына ықпал етеді.

Жалпы құқықтық және ақпараттық мәдениеттің, оның ішінде қазақстандық қоғамда киберкеңістікті қауіпсіз пайдалану дағдыларының салыстырмалы түрде төмен деңгейі белгілі бір қауіп тудырады.

Ақпараттық саланың құқықтық қамтамасыз етілуі ағымдағы күннің қажеттіліктерінен едәуір артта қалып отыр. Ақпаратты, ақпараттық ресурстарды, ақпараттық өнімдерді, ақпараттық қызметтерді іздеу, алу және тұтынуды жүзеге асыру кезінде туындайтын ақпараттық құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық тетіктер жеткілікті пысықталмаған. Ақпаратты, ақпараттық ресурстарды, ақпараттық өнімдерді, ақпараттық қызметтерді өндіру, беру және тарату процестерін реттейтін құқықтық тетіктер жақсарту мен өзектілендіруді қажет етеді. Ақпараттық жүйелерді, олардың желілерін, қамтамасыз ету құралдарын, телекоммуникациялық инфрақұрылымды құру және қолдану кезінде туындайтын ақпараттық құқықтық қатынастарды реттеу мәселесі аса өткір болып отыр. Ақпараттық қылмыстарға қарсы іс-қимылды қамтамасыз етудің қазіргі жай-күйі пайдаланылатын құқықтық тетіктердің жеткілікті келіспеушілігімен, заңнамалық бастамалар субъектілерінің оларды дамыту және жетілдіру жөніндегі қызметінің фрагменттілігімен, тиімділігінің жетіспеушілігімен, құқықтық нормалардың қарама-қайшылығымен, құқықтық статистиканың жетілмеуімен де сипатталады.

Жоғарыда аталған проблемалар ақпараттық саланы құқықтық қамтамасыз етуде мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіреді. Қазақстан Республикасында жеке құқықтық сала - ақпараттық құқықты қалыптастырудың қажеттілігі туралы мәселе күн тәртібінде өткір күйінде қалуда.

Соңғы кездері Қазақстан Республикасының халықаралық ақпарат алмасуға және ақпараттық қауіпсіздікті халықаралық реттеу процестеріне тең құқылы қатысу проблемасы өзекті болып отыр. Ұлттық мүдделерді талап ету қажеттілігі мемлекеттік органдардың қазіргі халықаралық ұйымдар қызметінің шеңберіндегі белсенділікті арттыруын қажет етеді.

Ақпараттық қауіпсіздік- мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен қоғам мүдделері қорғалуының жай-күйі. Ақпаратты қорғау – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені. Тәжірибе жүзінде ақпаратты қорғау деп деректерді енгізу, сақтау, өңдеу және тасымалдау үшін қолданылатын ақпарат

пен қорлардың тұтастығын, қол жеткізулік оңтайлығын және керек болса, жасырындылығын қолдауды түсінеді. Сонымен, ақпаратты қорғау - ақпараттың сыртқа кетуінің, оны ұрлаудың, жоғалтудың, рұқсатсыз жоюдың, өзгертудің, маңызына тимей түрлендірудің, рұқсатсыз көшірмесін жасаудың, бұғаттаудың алдын алу үшін жүргізілетін шаралар кешені. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын шектеулерді қанағаттандыруға бағытталған ұйымдастырушылық, программалық және техникалық әдістер мен құралдардан тұрады.

Тәуелсіздік алғанға дейін және Тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктеріміз жетерлік. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымыздың қуанышты ғұмырын лайым баянды ету үшін және барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы екені бәрімізге мәлім.

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет демекші, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстардың аз еместігін айтқымыз келеді. Көптеген дамыған елдердің озық технологиялары мен әдістерін меңгере отырып, өзіміздің ұлттық болмысымызды сақтау қажеттігі әрдайым ойымызда тұрып қана қоймай, оны іске асыру өте маңызды әрекеттердің бірі.

Рухани жаңғыру – барлық жаңғырудың өзегі. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. “Елімізде отаншыл, жасампаз, батыл, дарынды, білімді, озық әрі еңбекқор жандар өте көп. Мен осындай азаматтарды көргенде болашағымыздың жарқын боларына зор сеніммен қараймын. Тәуелсіз Қазақстанда рухы азат, көзі ашық, көкірегі ояу ұрпақ өсіп келеді. Олар ғылым-білім, музыка, кино, спорт және басқа да салаларда табысқа жетіп, бүкіл әлемге танымал бола бастады. Жастарымыз туған жердің қайталанбас ерекшелігін және туған елдің бірегей болмысын жер жүзіне танытып жүр. Жас ұрпақ тарих тағылымын және елдің жарқын болашаққа ұмтылысын бір арнаға тоғыстырып жатыр. Осылайша, олар ұлттың рухын жаңғыртуда. Осы серпілістің қарқынын сақтай отырып, оны күшейте түсу – мемлекеттің міндеті. Бұл міндетті абыроймен атқарсақ, қазақтың ренессанс дәуірі, яғни түбегейлі өзгерістер заманы келеді” деген Мемлекет басшысының сөздері мәңгілік елдің жалғасы өскелең жас ұрпағымыздың ертеңіне арнау болмақ екенін әрқайсымыз сезініп, сенуіміз қажет.



МЕКТЕПТЕГІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ МЕН ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ҮЙЛЕСТІРУ, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ БОЙЫНША ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ

*МАМБЕТКУЛОВА Айну́р Клышбаевна,
№33 Н.Шойынбаев атындағы жалпы орта мектебінің
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы*

Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең жауапты, ең маңызды іс. Мемлекетімізде жас ұрпақтың жан-жақты дамуымен бірге тәрбиесіне де ерекше назар аударылуда. Ұрпақ тәрбиесі – баршаның ісі.

Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, басқа елдермен терезесін тең етіп, өркендетіп, сондай-ақ болашағын айқындап беретін жастайынан алынған тәрбие. Тәрбие тек сабақ берумен ғана шектелмейді, ол сабақтан тыс уақытта да жалғаса береді және тереңдетіле жүргізіледі. Дұрыс тәрбие – балаға өмір бойы азық.

Сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік іс-әрекет әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып жүргізіледі. Тәрбие барлық уақытта және барлық жерде жүзеге асырылады. Оны белгілі бір сағатпен, сабақпен шектеуге болмайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту (Білім және ғылым) министрлігінің «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес жоспар құрылып, ауданымызда білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту мақсатында «Мектеп парламенті» жобасын жүргізіп келеміз.

Мектеп парламенті (өзін-өзі басқару):

Бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Мектеп парламентінің мақсаты:

Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Мектеп парламентінің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру

ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;

- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;

- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;

- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

«Мектеп парламенті» жобасында оқушылар 8 бағыт бойынша жұмыс жасайды.

- Өзін-өзі тану және бақыт бағыты (психология);

- Қамқорлық бағыты (еріктілік);

- Дебат қозғалысының бағыты;

- Құқық және тәртіп бағыты;

- Ақпарат бағыты;

- Спорт және салауатты өмір салты бағыты;

- Мәдениет және өнер бағыты (музыкалық, көркем шығармашылық);

- Экология және еңбек бағыты.

Оқушының бос уақытын тиімді өткізу мен балаға жақсы тәрбие беруде оқыту сабақтарына қарағанда, сабақтан тыс жұмыстар, яғни үйірме жұмыстарының алатын орны ерекше. Оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, оларға бағыт-бағдар беріп отыру - ата-ананың және мұғалімнің ортақ ісі. Сыныптан тыс жұмыстар, үйірме жұмыстары оқушылардың таланттары мен қабілеттерін ашып, қызығушылықтарын оятады. Мектепте ұйымдастырылған үйірмелердің жетекшілеріне балалардың қосымша білім алу бағдарламаларының мазмұны мен оны құрудың талаптары таныстырылады. Ата-аналар мен оқушылардың сұраныстарына сай пәндік, спорттық және көркем-эстетикалық бағыттарда жалпы мектепшілік үйірмелер ұйымдастырылады. Үйірмеге балаларды жинақтау, оқу жылы соңына дейін сол құрамды сақтау және жұмыс

жүргізу өз уақытында атқарылып отырды.

Әдістемелік бірлестік жұмыстарына қатыса отырып, әрбір бірлестіктегі талантты, дарынды, үлгермейтін және аз қамтылған отбасылардың балалары үйірмелерге тартылып, үйірме сабақтарында еңбек қауіпсіздік техникасы және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы

үнемі бақылауға алынды. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымы мен үйірмелердің жұмысын үйлестіру, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту бойынша тәрбие жұмыстары өте маңызды жұмыс болып табылады. Сондықтан да бұл жұмысқа әр мұғалім үлкен жауапкершілікпен қарауға тиіс.

ҰЛЫ АБАЙ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БРЕНДІ

ОРЫНБАЕВА Рабиға Уркинбаевна,
Ж.Баласағұн атындағы №6 жалпы орта
білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы



Ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы ұрпағын тәрбиелеу – қазақ халқында ежелден-ақ келе жатқан үрдіс. Бұл жерде сөз өнерінің атқаратын рөлі ерекше. Ұлтымыздың осы бір жақсы әдет-салты бүгінгі тәрбие үрдісінде тиімді екені даусыз мәселе. Абай тағылымы білімнің де тәрбиенің де қайнар бұлағы екені түсінікті.

Ұлы ақынның қай шығармасын алсақ та, оның алтын қазығы – Адам. Абай нағыз Адам, Толық адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап береді. Мысалы, «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын», «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа», - дейді. «Адамды сүйоден басқа қызық жоқ» деген пікірінде қазір көп айтылып жүрген гуманды педагогика ұстанымдары жатыр. Тәбиелеу ісі ең алдымен, адамды сүйге баулудан басталуы керек. Абай тағылымының өміршеңдігін бүгінгі тәрбие үрдісінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер арқылы дәлелдеуге болады. Білім мен тәрбиені тұлғаға қарай бағыттап беру мәселесі алда тұрған кезеңде Абайға бұрыласың. «Толық адам қандай болу керек?» деген сұрақ ақынға маза бермейді. Мысалы, «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боларсың елден бөлек» - деп ой тастайды.

Ары қарай ақын: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», - деп толық адамның қасиетін санамалап береді. Ұлы гуманист адамды сүйу туралы айта отырып, «Адамзаттың бәрін сүй» деп ақыл айтады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы

Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын оқи отырып, Абай даналығының қай ғасырда да өміршеңдігіне куә боласың.

«Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз.

Ең алдымен Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы», - дейді Президент.

Ақынның дүниеден өткеніне бір ғасырдан артық уақыт өтсе де, ұлы тұлғаның өз заманында айтқан ғибратты ойлары, сәулелі сөздері әлі де өзектілігін жойған жоқ.

Ел Президентінің Абай жайлы мақаласы ел азаматы ретінде маған үлкен ой салды.

Жас ұрпаққа Абайды таныту үшін «Абайтану» курсы сапалық жаңа деңгейге көтеру кезек күттірмес мәселе деп есептеймін. Ұрпағымыз Абайды таныса, өзін-өзі таниды. Президент сөзімен айтсақ «Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі - кемелдіктің көрінісі, интеллектуалды ұлт дегеніміз де - осы».

Республикамыздың үздік педагогтары қатаң сертификаттаудан өтіп, курсты оқытуға мүмкіндік алса, бұл істің басына «сағат жетпей» қалған емес

нағыз ұстаздар келер еді. Сондай-ақ гуманитарлық саланың кәсіби мамандары оның оқулығын әзірлеп берсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Абай мұраларын оқып-үйрену биылдың ғана үлесі емес, бұл еліміз дамуының негізгі мұраты

болмақ. Республикамыздың болашақта өркениетті елдер қатарына қосылуы Абай өсиеттерін ұлт болмысына айналдырумен іске асады деп есептеймін.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ЗАМАНАУИ БАСТАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

*ДОСАНОВА Гүлжанай Шериповна,
БАХБЕРДИЕВА Камшат Маханбековна,
ШАЙДУЛЛИНА Альбина Асхатовна,
СЕЙТХАНОВА Айгерім Даулетбековна,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің оқытушылары.
Шымкент қаласы*

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының әр бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру қазіргі кезеңнің басты мақсаты болып табылады. «Рухани жаңғыру» заманауи бастамасының негізгі бағыттары туралы өз ойымды білдірейін.

1. Ұлттық тәрбие. Тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету. Қазақ халқының тарихы мен дәстүрлерін білу арқылы белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру; озық жоғары технологиялық әдістер мен цифрлық технологияларды қолданумен техникалық шығармашылықты дамыту арқылы бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру; моральдық, рухани және гуманистік құндылықтарды тәрбиелеудің басымдығы бар адамдар арасындағы эмоционалдық және ұтымды қарым-қатынастардың әлеуметтік-тарихи тәжірибесін беру; қазақстандық патриотизм рухында жан-жақты және

үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

2. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу. Бағдарламалау негіздерін енгізу: сандық технологияларды меңгеру арқылы білім алушылардың сандық сауаттылығын арттыру. Кәсіпкерлік пен бизнесті енгізу. Техникалық бағыттар бойынша олимпиадалар мен конкурстар өткізу. АКТ саласындағы ғылыми-зерттеу жобаларын жасау. Кітапхана жүйесіндегі электрондық каталогтармен жұмыс жүргізу. IT-технологияларды, бағдарламалау тілін, робототехниканы меңгеру бойынша үйірмелер мен клубтарда сабақтар өткізу.

3. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Білім алушыларды спорттық іс-шараларға, спорт клубтарына, бұқаралық, ойын және жастар арасында танымал спорт түрлеріне спорт федерацияларымен өзара іс-әрекет арқылы тарту. Білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, оның ішінде тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Көптеген спорт түрлері бойынша мектеп пен студент лигаларын дамыту.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жас қазақстандықтарды тәрбиелеудің Тұжырымдамалық негіздері төмендегідей мәселелерді қамтамасыз етеді:

- жас қазақстандықтардың қоғам мен мемлекет өміріндегі қоғамдық қозғалысының рөлі мен жауапкершілігін арттыру;

- жастардың қазақстандық патриотизмінің, жауапкершілікті азаматтық сана-сезімінің, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы

мәдениетінің, толеранттылық пен тұлғаның тұрақты әлеуметтік маңызды қасиеттерінің қалыптасу деңгейінің өсуі;

- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың мәдениет негіздері, ана тілі мен мемлекеттік тілді және этномәдениетті құрметтеу;

- тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейту;

- жастарды тәрбиелеуде ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен жауапкершілігін арттыру, жастарды салауатты отбасын құруға дайындау, отбасы институтын нығайтуға саналы түрде қатысу;

- әлеуметтік маңызы бар отбасылық, балалар және ата-аналар бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;

- тұлғаның экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы және өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылық пен мәдениетін дамыту;

- жастарды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;

- жастарды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;

- білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

Сонымен, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, жоғары рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жағдайында өз бетінше шешім қабылдауға дайын, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық өзара іс-әрекет етуге қабілетті, ел тағдыры үшін жауапкершілік сезіміне ие адамды қалыптастыруға бағытталған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жас қазақстандықтарды тәрбиелеудің Тұжырымдамаларын негізге ала отырып, «Рухани жаңғыру» жобасы аясында М.Әуезов атындағы ОҚУ ректоры, ҚҰА академигі, тарих ғылымдарының докторы Дария Пернешқызы Қожамжарованың басқарып отырған білім ордасында жүргізіліп отырған бірқатар үлкен жобалар мен іс-шаралардың барлығы білім алушы жастар арасында жаңа заманның құндылықтары: еңбек, прагматизм, сананың ашықтығы, жауапкершілік, карьералық өсу, бастамашылық, жаңашылдық, толеранттылық, кәсіпкерлік дағдыларын ендіруге, сапалы білім беруге, ғылымға баулуға, патриоттыққа тәрбиелеуге бағытталған. Сонымен қатар, университеттің Бағдарлама аясындағы «Жаһандағы қазақстандық заманауи мәдениет» бағыты бойынша, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы және «Рухани жаңғыру» бағдарла-

масының білімнің салтанат құруы, прагматизм, бәсекеге қабілеттілік, ұлттық бірегейлікті сақтау, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы сияқты бағыттары бойынша да ауқымды іс-шаралар жүргізілуде. Тәуелсіздік жылдары ел дамуына сүбелі үлес қосқан азаматтар мен жаңа заман тұлғаларының еңбек жолын жастарға үлгі ретінде насихаттау мақсатында университетте әрдайым кездесулер, қоғамдық лекциялар, дөңгелек үстелдер, ашық диалогтар өткізіліп тұрады. Университетімізде білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындау үшін көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуы, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізу бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Сонымен қатар, «Ақпараттық технологиялар және энергетика» жоғары мектебінің деканы Е.Т.Шертаевтың қатысуымен академиялық топ тәлімгерлері білім алушылармен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауын талқылап, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Білім алушыларға мемлекетімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғау – әрбір қазақстандықтың міндеті, Отанға деген сүйіспеншілік, ата-баба аманатына адал болып, ұлан-байтақ жерімізді қорғауға, оны болашақ ұрпаққа мирас ету – біздің ортақ борышымыз, өз елінің патриоттары жаһандық бәсекеге қабілетті болуға тиіс және рухани-мәдениетімізді жоғалтпау керек екендігі атап көрсетілді.

Қазіргі таңда, «Ақпараттық технологиялар және энергетика» жоғары мектебіне қарасты «Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету» кафедрасында ф.-м.ғ.к., доцент С.Т.Ахметованың басқаруымен тәрбие және рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру жұмыс жоспары бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып, академиялық топтарда кесте бойынша ашық тәлімгерлік сағаттар және дөңгелек үстел ұйымдастырылуда. Атап айытқанда, 1) Түркі әлемінің генезисі жобасын талқылау; 2) «Ақпарат толқыны» кіші бағдарламасы. Бағдарламаны іске асыру барысы туралы халықты ақпараттандыру, азаматтардың қоғамдық мониторингі жүзеге асырылатын жобаларға қатысу үшін ақпараттық инфрақұрылымын құру тақырыптарында дөңгелек үстел, тәрбие сағаттары жүргізіліп, инстаграм парақшаларында жарияланған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында білім алушы жастарға жаңа заманның құндылықтары еңбек, прагматизм, сананың ашықтығы, жауапкершілік, карьералық өсу, бастамашылық, жаңашылдық, толеранттылық, кәсіпкерлік дағдыларын үйретіп, сапалы білім алуға шақырып, ғылымға баулып, патриоттық

рухта тәрбиелейміз. Білім алушылар рухани жаңғырудың, озық ой-сананың, ұлттық рух пен патриотизмді насихаттайтын жарқын істердің

көшбасында жүреді. Біздің болашағымыз білімді жастардың қолында.



ОЙЫН - БАЛА ӘРЕКЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРІ

*РУХОВА Маржангул Рухбековна,
«Балдырған» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі,
Абай облысы, Ақсуат ауданы*

Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – ойын әрекеті болып саналады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Ойынның негізгі ерекшелігі — балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның, негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі.

Ойынның түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т.с.с болып ойнайды. Ойын әрекетінің философиялық негізін ғылыми тұрғыда қарастырған К. Гросс, Г. Спенсер, И. Хейзинга, И. Кант, В. Вундт, Ф. Шиллер, К. Бюллер, В. Фриге, Р. Вандер Козй, В. Демин, М. Каган, К. Исупов, т. б. ғалымдар ойын теориясының қалыптасуы мен дамуын, ойын әрекетінің әлеуметтік жақтарын айқындап, оның бала қиялы мен ойлау қабілетіне оң әсер ететінін анықтаған. Ойын - өмірдегі, іс-әрекеттегі пайдасыз және сонымен қатар аса қажетті маңызды құбылыстардың бірі болып табылады. Кеңестік педагогика және психология ғылымдарында ойын К. Д. Ушинский, П. П. Блонский, С. Л. Рубинштейн, Д. Б. Эльконин еңбектерінде

қарастырылды. Ойынды шетел зерттеушілері - К. Гросс, Ф. Шиллер, Г. Спенсер, З. Фрейд, Ж. Пиаже және т. б.

Ойын - дегеніміз не? Ойын дегеніміз - халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі. Баланың бірінші әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәнісі ерекше. Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай, баланың өмірінде

ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді танып, еңбекке деген қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Баланың қуанышы мен реніші ойын кезінде анық байқалады, сонымен қатар құрбыларымен тез тіл табысып, жақсы қарым-қатынас жасайды. Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі - тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс.

Балалардың сөздік қорын, тілін дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Ойын кезінде баланың бойында ұйымдастыру қасиеттері қалыптасады: ойлау, сөздік қор, сауаттылық, тапқырлық, шыдамдылық, өжеттілік, байсалдылық, әдептілік.

Ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын - бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы қоғамдық тәжірбиені меңгереді, психологиялық ерекшеліктері қалыптасады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мысалы кез келген бала жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты.

Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз - барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Ойынның түрлері өте көп. Саусақ ойындары - саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау құралы. Мысалы: «Саусақтар

сәлемдеседі», «Қуырмаш», «Добым», «Әдемі әтеш», «Моншақ» т.б. ойындарды ойнаймыз.

Қимыл-қозғалыс ойындары - балалардың дене бітімінің қозғалыс белсенділігі, дағдылары мен іскерліктерінің қалыптасуының даму құралы. Мысалы: «Бос орындық», «Допты қағып ал», «Жемістер-көкөністер», «Ұшты-ұшты», «Қаздар мен түлкі», «Тышқан мен мысық» т.б. ойындарын ойнаймыз.

Сюжетті-рөлді ойындар - балалардың ойқиялын, сөздік қорын, тілін дамыту құралы. Мысалы: «Дүкен», «Асхана», «Дәрігер», «Пошта», «Кітапхана», «Аурухана» т.б. ойындар ойнаймыз.

Дидактикалық ойындар - балалардың ақыл-ойын дамытып, қызығушылығын арттыру құралы. Мысалы: «Не артық?», «Заттарды топта», «Қарап ал да, есіңе сақта», «Не қайда өмір сүреді?» т.б. ойындарын ойнаймыз.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта».

Ұлттық ойындар - балалармен ойнаймыз. Мысалы: «Тақия тастамақ», «Көкпар», «Сақина салу», «Ақ серек, көк серек», «Қыз куу», «Бәйге», «Жасырынбақ», «Ақ сүйек», «Соқыр теке», т.б. ойындарын ойнаймыз.

Ойын технологиясы - балалар үшін пайдасы өте зор. Балалардың сабаққа қызығушылығы артады, әр баланың танымдық сезім қабілеті дамиды, балалардың сөздік қоры дамып, тіл байлықтары артады. Көп жағдайда, оқу іс-әрекеттерде Триз элементерін қолданамын.

Ойлауға үйрету дегеніміз - диалектикалық қарама-қайшылықты көре білуге, сол арқылы нақты шындықты тануға үйрету деген сөз. Қарама-қайшылық ой дамуының қозғаушы күші. Қорыта келгенде, проблемалық сұрақтар, проблемалық жағдаят тудырып, проблеманы шешуді талап етеді.





Қорыта келгенде, ойын баланың физиологиясын ғана дамытпай, сонымен қатар тілін дамытуда үлкен рөл атқарады. Ойынның әрбір түрінің өзіндік мақсат-міндеті, бағыты болады. Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгі алдыма қойған мәселем. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін, сөздік қорларын дамыту ісінде жана сөздерді меңгерту; үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру тәрбиешінің басты міндеті болып саналады.







БІЛІМ ПАТШАЛЫҒЫНА САЯХАТ

**ИСАБЕКОВА Фарида Айтжановна,
№15 бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі.
Жамбыл облысы, Тараз қаласы**

ҰОҚ мақсаты:	10 көлемінде сандық есептеуге, сандарды тура-кері санауды, ауызша қосып-алуды, затты топтастыра біледі.	
Күтілетін нәтиже:	10 көлемінде сандық есептеуге, сандарды тура-кері санауды, ауызша қосып-алуды, затты топтастыра алады.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Ашық сұрақ, сергіту сәті, дидактикалық ойындар, жұмбақтар. Воскобович, миға шабуыл. Кластер әдісі.	
Жоспарлау		
ҰОҚ кезендері	Жоспарланған іс-шаралар	Ресурстар
Сабақтың басталуы	<p>- Балалар, бізге хат келіпті.</p> <p>- Бізге білім патшасы тапсырмалар жіберіпті. Балаларға саяхатқа шығу үшін көлік түрлерін таңдауды ұсыну.</p> <p>Ұжымдық жұмыс «Кластер» әдісі арқылы Көлік түрлерін топтастыр.</p> <p>(Қима суреттер арқылы көлік түрлерін топтастырады)</p> <p>- Балалар, қай көлік түрін таңдадыңдар?</p> <p>- Балалар, поездға мініп сапарға шығайық. Сапарымыз қызықты болу үшін әр аялдаманың тапсырмалары бар екен, соны орындауымыз қажет.</p> <p>Саралау: қызығушылық.</p> <p>Құрылымдалған ойын.</p> <p>4К моделі.</p>	<p>Әртүрлі аралас фото</p> <p>Қима суреттер</p> <p>3 минут</p> 
Сабақтың негізгі бөлігі	<p>Түсіндірме:</p> <p>- Балалар, әр аялдамада тапсырмаларды жақсы орындасаңдар, бізге қорабша береді екен.</p> <p>1-ші аялдаманың тапсырмасы:</p> <p>«Сандарды тура және кері санау. Үш тілде санау.</p> <p>2-ші аялдаманың тапсырмасы:</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сандардың көршісін табу».</p> <p>3-ші аялдаманың тапсырмасы: Миға шабуыл.</p> <p>- Дүкеннен анам төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім, менде неше доп қалды?</p> <p>- Екі колда неше саусақ бар?</p> <p>2. Ағашта 5 құс отыр, оған келіп тағы 5 құс қосылды, барлығы неше құс болды?</p> <p>3. Себетте 6 алма, табақта 4 алма қосқанда барлығы болады неше алма?</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Бейнетаспа арқылы «Ғажайыпстанға саяхат».</p> <p>Бір сергіп алсаңдар, одан әрі жалғастыру.</p> <p>4-ші аялдаманың тапсырмасы.</p> <p>«Есептеуге кім жүйрік»</p> <p>Шарты:</p> <p>Балалар қысқа мультфильм көре отырып, есеп шығарады және оны Воскобовичтің «Сиқырлы сегіз» ойыны арқылы шыққан мәнін көрсетіп отырады.</p> <p>5-ші аялдаманың тапсырмасы.</p> <p>«Күлімдегін, күн күлімде».</p>	<p>2 минут</p>  <p>2 минут</p>  <p>3 минут</p> <p>2 минут</p> <p>6 минут</p>  <p>5 минут</p>




	<p>(Әр аялдамадан алған қорабшаларды ашып ішінен шыққан геометриялық пішіндерді қолданады.)</p> <p>Шарты: балалар геометриялық пішіндер арқылы күнді құрастырады.</p> <p>Саралау: мазмұн арқылы.</p> <p>Құрылымдалған ойын. Топтық жұмыс</p> <p>Ынталандыру:</p> <p>6-шы аялдама. «Тосын сый».</p> <p>Шарты: Балалар қапшықты ұстап, сипап ішінде не бар екенін табады.</p> <p>Саралау: өнім арқылы.</p> <p>Құрылымдалған ойын. Топтық жұмыс.</p> <p>Бақылау: бағалау шкаласы.</p> <p>Қапшық ішіндегі сыйлықтарды таңдап алуды ұсыну.</p>	
Сабақтың қорытынды бөлімі	<p>- Балалар, біз бүгін қандай тапсырмалар орындадық?</p> <p>Балалар үні.</p> <p>Сендерге сыйлық ұнады ма?</p> <p>Кері байланыс.</p> <p>Балалар қуанып өз ризашылықтарын қол шапалақтау арқылы білдіреді.</p>	<p>2 минут</p> <p>1 минут</p>

МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫМЫН



*ТОБАЖАНОВА Айман Кайназаровна,
Ж.Баласағұн атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы*

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:	7.2.2.1 - талап ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдеби мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу; 7.4.3.1 - жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу.			
Сабақтың мақсаты:	- талап ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдеби мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана біледі, жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазады.			
ЕБҚ үшін	- талап ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдеби мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана біледі, жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазады.			
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	«Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру: «Сенім аралы» Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Оқушылар шеңбер болып отырады. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстап, «Мен саған сенемін, себебі сен...» сөйлемді бір сөзбен аяқтайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады, соңында бір-бірлерінің қолдарын ұстайды. Сөйлемді мынандай сөздермен		Қолпаштау	Слайд


	<p>аяқтайды: мейірімдісің, ақылдысың, әдептісің, ұқыптысың, тәртіптісің, әдемісің, т.б. Үй жұмысын тексеру. Сабақтың тақырыбын, мазмұнын болжайды. Суреттер бойынша тақырыпты болжаңдар.</p> 							
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>1.Сөздікпен жұмыс. Білектің күші - сила запястья. Найзаның ұшы - законечник копя. Жанын салу – барлық күшін салу - вложение души. Паш ету – жариялау. Нарық – рынок. - таныстырады, оқушыларға қайталатады. 1-тапсырма. - Қазақстан қандай мемлекет? - Қазақстанның болашағы кімдердің қолында? - Суретке қарап, мына сұрақтар төңірегінде ойланып, жауап береміз.</p>  <p>Жазылым. 2-тапсырма. Теңеу мен метафораны қолданып, өзіңе ұнаған сурет бойынша шағын мәтін құра.</p>	<p>Тыңдалым, айтылым Жаңа сөздерді жазады, сөз тіркестерін, сөйлем құрастырады.</p> <p>Тыңдалым. Жазылым. Айтылым. 1-тапсырма Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Мына диаграммаға назар аударып, Қазақстанның қандай мемлекет екенін талқылап айту.</p>  <p>Кестені толтырыңдар.</p> <table border="1" data-bbox="719 1575 1024 1770"> <tr> <td>Менің Қазақстанның дамуына қосатын үлесім</td> </tr> <tr> <td>1.</td> </tr> <tr> <td>2.</td> </tr> <tr> <td>3.</td> </tr> </table> <p>ЕБҚ оқушы топпен, тапсырманы орындайды. Жазылым. 2-тапсырма Теңеу мен метафораны қолданып, өзіңе ұнаған сурет бойынша шағын мәтін құрастырады.</p>	Менің Қазақстанның дамуына қосатын үлесім	1.	2.	3.	<p>Дескриптор: Сөз тіркестерін құрастырады Сөйлем құрастырады</p> <p>Дескриптор: - сұрақтарға жауап береді</p> <p>Өзара бағалау: дәптерлермен алмасып, кілт арқылы тексеру</p> <p>Дескриптор: - Теңеу мен метафораны қолданып, өзіңе ұнаған сурет бойынша шағын мәтін құрастырады Өзара бағалау</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек»</p>	<p>Оқулық сөздік слайд</p> <p>слайд</p>
Менің Қазақстанның дамуына қосатын үлесім								
1.								
2.								
3.								
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Үй тапсырмасын беру: «Біз егеменді еліміздің ертеңіміз» деген тақырыпта шағын эссе жазу. Кері байланыс. «Білім гүлі».</p>							
<p>Бағалау</p>	<p>Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды. (бағалау парақтары арқылы)</p>							

ФАСТФУД ТАҒАМДАРЫНЫҢ ЗИЯНЫ








КЕМЕЛБЕКОВА Әзиза Рахматуллақызы,
Ахмет Байтұрсынов атындағы №1 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Түркістан қаласы

Бөлім:	Дұрыс тамақтану. Гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	7.3.2.1 - Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазу. 7.4.4.4 - Одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.			
Сабақ мақсаты:	Барлық оқушылар: тақырыпқа байланысты шағын мәтін жазу, одағай түрлерін ажырата білу; Көпшілігі: жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай шағын әңгіме құрастырып жазу, одағай түрлерін ажырата білу, қолдану; Кейбір оқушылар: жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазу, одағай түрлерін ажырата білу, қолдану.			
Жоспар:				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 минут	I. Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу, сынып оқушылары түгенделеді. Сабақ мақсаты хабарланады. II. Жағымды психологиялық ахуал. «Мен саған сенемін, өйткені...» (сен білімдісің!) 	Оқушылар түгенделіп, назары сабаққа аударылады. Оқушылар сурет арқылы сабақ тақырыбын болжайды, сұрақтарға жауап беру арқылы өз пікірлерін білдіреді. Сабақ тақырыбы мен мақсатын айқындайды.	 ҚБ «Одағайлар» әдісі Оооооо! – тамаша жауап; Оййййй! – төмен жауап	7-сынып «Қазақ тілі» оқулығы
Сабақтың ортасы 30 минут	III. Үй тапсырмасын сұрау. 5-тапсырма. I. ОҚЫЛЫМ АЛДЫ. Қызығушылықты ояту. Тақырыпты болжау. Фастфуд өнімдері сендерге ұнайды ма? Фастфуд өнімдерімен жиі тамақтанған дұрыс па? Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы өз пікірлерін білдіреді. Сабақ тақырыбы мен мақсатын айқындайды. Оқушылар оқылым мәтінін оқып, ой түйеді. Мәтін мазмұны бойынша ой түйіндеп кластер құрастырады. (Жұптық жұмыс) Фастфуд – денсаулыққа зиян тигізетін тағам екенін әрбір адам біледі. Бұл өнімнен бас тартатын себептер көп және солар жайлы айтып	Оқушылар оқылым мәтінін оқып, ой түйеді. Мәтін мазмұны бойынша ой түйіндеп кластер құрастырады.	 ҚБ «Fast-food, tip-taco» 	(old.abai.kz/.../ fast-food-tagamdary ...)

	<p>кетейік. «Fast food» деген сөз, ағылшын тілінен аударғанда «жылдам тамақ» дегенді білдіреді. Бұндай мекемелер Ежелгі Римде де болған. Бірақ ол заманда тағамдарды табиғи өнімдерден жасаған. Ал қазір оған дәмді күшейтетін және иіс шығаратын қоспалар қосылады. Фастфудтың иелері жылына бірнеше миллиард доллар табыс табады. Бұл өнімдердің тұтынушылары миллионнан асады. Фастфуд – ыңғайлы, жылдам және арзан болғанына қарамастан, оның бір кемшілігі бар – ол денсаулыққа зиянды. Қазакстанда үй тағамының орнына, гамбургер мен фри картобын таңдайтын адамдардың саны көбейіп келеді. Олар тамақ әзірлеуге уақыт болмағандықтан, фастфудқа көштік деп ақталады. Оның адам ағзасына тигізетін кері әсері: Ең басты кемшіліктерінің бірі – калорияның көп болуы. Ол семіздікке әкелетін басты себеп. Құрамындағы транс-майларын, «өлтіруші-майлар» деп атайды. Ол Альцгеймер ауруы, инфаркт және қатерлі ісікке әкеліп соғады. Бұл тағамдарға натрий (тұз) көп мөлшерде қосылады. Натрий қан қысымын арттырып, жүрек-тамыр жүйесінің жұмысына жүктеме жасайды. Фаст-фуд өнімдерінде пайдалы компоненттер өте аз, оны жиі жейтін адамда витамин жетіспеушілігі болады. Тағамдардың көпшілігі тазартылған көмірсулардан тұрады. Жасұнық (клетчатка) болмағандықтан, глюкоза түріндегі көмірсулар қанмен араласады. Нәтижесінде қанның қант деңгейі көтеріліп, диабет және семіздікке әкелуі мүмкін. Глутамат натрий – иіс және дәмді күшейтетін қоспа. Оны шамадан тыс тұтыну, бүйрек және ас қорыту жүйесіне зақым келтіреді. Консервант – ең зиянды қоспалардың қатарына жатады. Өндірушілер оның көмегімен сақтау мерзімін ұзартады. Аллергияларға бейім адамдарға оны қолданбауға кеңес беріледі. Көмірсулар мен қант, ауыздағы қышқылдықты жоғарылатып, тіс эмальінің бұзылуына және кариестің пайда болуына әкеледі. Бұл тағамдарды тұрақты түрде пайдалану – гипертония ауруына, иммунитеттің төмендеуіне және созылмалы аурулардың асқынуын тудырады. Зерттеуге сәйкес, фастфудты көп жейтін балалар астма ауруынан жиі зардап шегеді. Сондай-ақ, олар тері ауруларына бейім болады екен. АҚШ халқының 60%-ы семіздіктен зардап шегуде. Бұған кінәлі әрине – фастфуд өнімдері. Біздің елде мұндай қайғылы көрініс әлі орын алмаған. Бірақ болашақта осы проблемаға тап болуымыз мүмкін. Денсаулығыңызды ойлайтын болсаңыз, үй тағамдарын жеуге тырысыңыз.</p>  <p>Дескриптор: Мәтіндегі негізгі идеяны анықтайды;</p>	<p>Мәтіндегі негізгі идеяны анықтайды;</p>		
--	--	--	--	--



	<p>Кластер құрастырады; Жұмыстарын қорғауда дәлелді мысалдар келтіреді. II. ТЫҢДАЛЫМ АЛДЫ. Фастфуд тағамдарының зияны (видеоролик көрсету) ҚБ</p> <p>ЖАЗЫЛЫМ ТАПСЫРМАСЫ. 4-тапсырма. «Кубизм» әдісі бойынша фастфуд тағамдары және олардың адам ағзасына зияны туралы ой бөлісіңдер. - Суреттерді, Фастфуд тағамдары, - Салыстырыңдар, Көкөністермен салыстырыңдар, - Болжамдар, Фастфуд тағамдарының адам ағзасына зияны қандай? - Талдайды, Фастфуд тағамдарына не жататын, оның құрамы қандай? - Қолданыңдар, Фастфуд тағамдары ағзаға қандай әсер етеді? - Зерттеңдер, Фастфуд тағамдарының ұрпаққа зияны.</p> <p>Дескриптор: Фастфуд тағамдарын сипаттайды; Фастфуд тағамдарын көкөністермен салыстырады; Фастфуд тағамдарының адам ағзасына зиянын болжамдайды; Фастфуд тағамдарының құрамына не жататынын талдайды; Өнімнің адам ағзасына әсерін талдап көрсетеді; Фастфуд тағамдарының ұрпаққа зиянын анықтап, дәлел келтіреді. ҚБ ЖАЗЫЛЫМНАН КЕЙІН. ӘТН.</p> <p>Әдеби тіл нормалары</p> <p>Жеңілу одағайлары Жеңілу одағайлары мәтіннің қай бөлігінде бірнеше топқа ажыратылады. Нұсқау сөздер: тағар, және, қанең. Тыяну сөздер: не, және, мінен, әйбе, айма. Тыяну сөздер: жа, жа-жа, тағар, тағ.</p> <p>2-тапсырма. Оқшау, одағай сөздерді қатыстырып, фастфуд тағамдарының зияны туралы 3-4 сөйлем жазыңдар. «Бургер» әдісі.</p>  <p>Дескриптор: Оқшау сөздерді қатыстырып, фастфуд тағамдарының зияны туралы 3-4 сөйлем жазады. «Пицца» әдісі (Топтық жұмыс) Дескриптор: Фастфуд тағамдарына қатысты сұрақтарға жауап береді. ҚБ</p> <p>Жағдаяттық тапсырма 3. Төменде берілген жағдаятқа оқиғалар мен оқиғаларды қатыстырып, диалог құрастыр. Денот пен қарамағасы Айна алып-түлік дүкеніне нан алуға кірді. Айна қалған ақшаға чипс алумен өтініс түр. Бекеттің жауабы...</p> <p>Дескриптор: Берілген жағдаятқа шылаулар мен одағайларды қатыстырып, диалог құрады; Бекіту тапсырмалары. «Фри» таяқшалары Тақырыпты қорытындылайды. ҚБ</p> 	<p>Кластер құрастырады; Жұмыстарын қорғауда дәлелді мысалдар келтіреді.</p> <p>«Кубизм» әдісі бойынша фастфуд тағамдары және олардың адам ағзасына зияны туралы ой бөлісіңдер. Фастфуд тағамдарын сипаттайды; Фастфуд тағамдарын көкөністермен салыстырады; Фастфуд тағамдарының адам ағзасына зиянын болжамдайды; Фастфуд тағамдарының құрамына не жататынын талдайды; Өнімнің адам ағзасына әсерін талдап көрсетеді; Фастфуд тағамдарының ұрпаққа зиянын анықтап, дәлел келтіреді.</p> <p>Грамматикалық тақырыпты меңгереді.</p> <p>Грамматикалық тақырып бойынша тапсырма орындайды.</p> <p>Берілген жағдаятқа шылаулар мен одағайларды қатыстырып, диалог құрады; Тақырыпты қорытындылайды.</p>	<p>ҚБ</p>  <p>ҚБ</p>  <p>ҚБ</p> 	
<p>Сабақтың соңы. 5 минут Рефлексия</p>	<p>Кері байланыс:</p>			




<p>Жетістік баспалдағы</p> <p>Өте жақсы түсіндім </p> <p>Жақсы түсіндім </p> <p>Түсіндім </p> <p>Аздап түсіндім </p> <p>Түсінбедім </p> <p>Үй тапсырмасы: 7-тапсырма.</p>	
---	--




ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ. «САҒЫНЫШ» ӨЛЕҢІ

*ОРЫНБЕКОВА Нұрғұл Сәрсенбекқызы,
Ахмет Байтұрсынұв атындағы №1 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Түркістан қаласы*

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	9.2.1.1 Ақын шығармашылығымен кеңінен танысып, мағлұмат жинау. Эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау. Өлеңді сатылай кешенді талдау. Автор бейнесіне талдау жасап, өлеңнің идеясын анықтау.			
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар Төлеген Айбергенов «Сағыныш» өлеңіндегі композициялық амалдарды талдау.			
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу.</p> <p>2. Психологиялық ахуал. «Жүректі тазарту» Оқушыларға таза парақшалар таратылады. Оған дәл қазіргі кездегі бойындағы кірбінді, ренішті, қолайсыз көңіл-күйді жазу ұсынылады. Жазып болған соң қоқыс жәшігіне тастайды. Осылайша барлық жағымсыз көңіл күйден арылып, тазарған жүрекпен, көтеріңкі көңіл-күймен сабақ басталады.</p> <p>Қызығушылықты ояту. Ой шақыру. Төлеген Айбергенов аңсаған әлем тақырыбындағы бейнебаянды көрсету.</p>  <p>Төлеген Айбергенов 1937 жылы 8 наурызда Қарақалпақ елінің Қоңырат деген жерінде дүниеге келген. 1959 жылы Ташкенттің Низами атындағы педогогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп, 1959-1962 жылдары Қоңырат ауданындағы орта мектепте мұғалім, Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір махаббатқа</p>	Оқушыларға таза парақшалар таратылады. Оған дәл қазіргі кездегі бойындағы кірбінді, ренішті, қолайсыз көңіл-күйді жазу ұсынылады. Жазып болған соң қоқыс жәшігіне тастайды. Осылайша барлық жағымсыз көңіл күйден арылып, тазарған жүрекпен, көтеріңкі көңіл-күймен сабақ басталады. «Төлеген	<p>ҚБ «Жүрек»</p> 	<p>You tube сайтынан –Төлеген Айбергенов туралы бейнебаян</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=RbxuX75Qy4</p> <p>слайд</p>

	<p>толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан «Жас дәурен» атты топтама жинақта басылды. Кітаптары – «Арман сапары» (1963), «Өмірге саяхат» (1965), «Құмдағы мұнаралар» (1968), «Мен саған ғашық едім» (1970), «Аманат» (1975), «Бір тойым бар» (1981), балаларға арналған «Бақшаға саяхат» сурет – кітапшасы (1985) жарық көрді. Сондай-ақ орыс тілінде «Мир созвездья» (1987) деген атпен таңдамалы өлеңдері аударылып басылды. Айбергеновтың «Ақ ерке, Ақ жайық», «Жаңғырған Маңғыстау», «Қазақстан», «Сені ойладым», «Мені ойла», «Ақ қайыңдар», «Бір тойым бар», тб өлеңдеріне жазылған әндер ел арасына кеңінен танымал. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1974, қайтыс болғаннан кейін). 1997 ж. Үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>Сұрақтар қою. Сөзжұмбақ шешу. Балалар, бүгін біз ақын Т. Айбергеновтың «Сағыныш» өлеңімен танысамыз. «Сағыныш» өлеңін тыңдату. Сабақтың тақырыбы мен мақсаты анықталады.</p>	<p>Айбергенов аңсаған әлем» тақырыбындағы бейнебаянды тыңдайды.</p> <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсаты анықталады.</p>		
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Мағынаны тану. «Оқу» орталығы бойынша оқушылар төмендегідей тапсырмаларды орындайды.</p> <p>1. «Сағыныш» өлеңін оқып, мазмұнымен танысып, қысқаша мазмұндайды.</p> <p>2. Өлеңнің үзінділері (өздеріне ұнаған) бойынша сурет салу немесе шағын шығарма жазады.</p> <p>Төлеген Айбергенов САҒЫНЫШ Сағындым жаным, мен сені! Көркінді жүрген қуаныш қылып, мендей ме екен бар ағаң...Шын інім болсаң, бас бұрма, жаным, өсек-ғайбатқа бораған.</p> <p>Дескриптор: «Сағыныш» өлеңін оқып, мазмұнымен танысып, қысқаша мазмұндайды. Өлеңнің үзінділері (өздеріне ұнаған) бойынша сурет салу немесе шағын шығарма жазады.</p> <p>ҚБ 1 тапсырма. Қосжазба күнделігі Кестеге поэмадан үзінді жазу. Автор бейнесіне талдау жасап, өлеңнің идеясын анықтау. Дескрипторлар. 1. Үзінді оқып, өлеңнің идеясын анықтайды. 2. Өлең жолдарындағы автор бейнесіне мінездеме береді. 2. Өлең тақырыбына байланысты мақал - мәтелдер, нақыл сөздер жазу. 2-тапсырма. Өлеңді мұқият оқып, одан троп түрлерін метафора, метонимия, фигура түрлері анафора, қайталау, жай қайталауларды табыңдар. 3-тапсырма. Өлеңге сатылай кешенді талдау жасау. 4- тапсырма. «Бес жолды өлең» құрастыру Тест алу.</p>	<p>«1. «Сағыныш» өлеңін оқып, мазмұнымен танысып, қысқаша мазмұндайды.</p> <p>2. Өлеңнің үзінділері (өздеріне ұнаған) бойынша сурет салу немесе шағын шығарма жазады.</p> <p>Өлеңге жоспар құру.</p> <p>2. Өлең тақырыбына байланысты мақал - мәтелдер, нақыл сөздер жазу. Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтермен танысып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. «Кластер» әдісімен топтастырады.</p>	<p>ҚБ «Шапалақ»</p>  <p>ҚБ «Жүрек»</p>  <p>ҚБ «Жүрек»</p> 	<p>https://www.facebook.com/232519423856359/posts/55489694892662/</p> <p>«Сағыныш» өлеңін таратпа материалдар арқылу ұсыну</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Бекіту. «Айбергенов шыңы» стратегиясы. Шығарма не жайлы? Шығарманың тәрбиелік мәні. Өлеңнен ақынның қандай бейнесін көрдік?</p>	<p>Оқушылар қысқаша шығарма жайлы түсінгендерін</p>		

		айтып береді.		
Кері байланыс	Оқушылармен кері байланыс сұрақтары: Не білдім? Не үйрендім? Не түсініксіз болды? Нені жақсартуым керек?			
Үй тапсырма -сы	<i>Төлеген Айбергеновтың «Сағыныш» өлеңін жаттау (өздері қалаған үзіндіні) «Мен ақын болсам...» тақырыбына эссе жазу.</i>			



ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН ТУҒАН ӨЛКЕМ – ҚАЗАҚСТАН!

МУХАМБЕТОВА Гулнар Кауржановна,
Орал «Сервис» технологиялық колледжінің
өндірістік оқыту шебері.
Орал қаласы

Мақсаты: Халықтар арасындағы достықты нығайту, осы мақсатта студенттердің достық қарым-қатынастарын қалыптастыруды жалғастыру, Қазақстанның өркендеуіне достық арқылы өз үлестерін қосуға баулу.

Көрнекілігі: Өнұран

Жүргізуші:

Бірінші мамыр! Достықтың ұлы мейрамы,

Тоғысар сенде жандардың ізгі ойлары.

Татулық пенен бірлікке ынтымақ, адамзат,

Өзінді сәнмен қошемет етіп тойлайды!

(1 мамырға арналған видео-көрініс)

Қайырлы күн қымбатты ұстаздар, студенттер, бүгінгі шараға қатысушылар! 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған «Ынтымағы жарасқан туған өлкем – Қазақстан!» - атты тәрбие сағатына қош келдіңіздер! Қазақстан Республикасын мекен еткен 130 дан астам ұлт өкілі күні бүгінге дейін ынтымақтастыққа, бір үйдің баласындай тату-тәтті жарасымды тіршілік кешіп келеді. Жүзі басқа болғаны мен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір, мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды, сондай-ақ қазақ халқының қарапайымдылығы, қонақжайлылығы, бауырмалдылығы үшін ерекше бағалайды, бастысы өздері қоныс тепкен Қазақстан жерінің барлық ұланымен ауыз бірлікте, туыс болуды көздейді. Бүгінгі шараның да мақсаты халықтар арасындағы достықты нығайту, осы мақсатта студенттердің достық қарым-қатынастарын қалыптастыруды жалғастыру, Қазақстанның өркендеуіне достық арқылы өз үлестерін қосуға баулу.

Жүргізуші: Қазақстан бүгінде ұлттар мен ұлыстар мекендеген достық пен туысқандықтың, ынтымақ пен ырыстың ордасына айналды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев халықтар достығы бірлік пен татулық орныққан елдің жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан болуы керектігін ұлы міндет етіп қойды. Қазақстан халықтары осынау ұлы

көштің басында қол ұстасып бірге жүрмек. «Қазақта бірлік болмай, тірлік болмас» - деген ұлағатты ұғым бар. Ендеше елімізде бейбіт өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің татулығы артып, Қазақ елінің нығайып, өркендеуіне өз үлестерін қосты.

Жүргізуші: Тілі басқа тілегі бір біргеміз,

Өздеріңмен жүздесеміз күнде біз.

Мақсат ортақ, бейбітшілік ұран боп

Татулықтан бұзылмасын іргеміз.

Жүргізуші: Жүздерімізге шуақ, бойымызға қуат әкелген 1-мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні құтты болсын

Жүргізуші: Күте тұғын асыға әр күнін біз,

Арналатын ең тәтті ән жырымыз

Мерекелі мерейлі айдың басы

Құтты болсын Бірінші Мамырымыз!

Қазақстан Республикасының Президентінің жолдауы еліміз үшін де, әрбір тұрғын үшін де асыға күтер оқиғаға айналды. Жолдаудың әр жолында көңіліңді көтеретін жылы шуақ, елдің ертеңгі көрінісін көз алдына келтіретін нұрлы қуат бар. Жаңа Қазақстанның көркейіп нұрлануына бірлесе үлес қосайық, ағайын.

Жүргізуші: Қазір республикамыздың мектептері 9 тілде: қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік, украин, татар, неміс және ағылшын тілдерінде білім береді. 15 тіл ана тіл ретінде оқылады. 22 ұлттық-мәдени бірлестіктердің жексенбілік мектебі бар.

Жүргізуші: Ынтымақ, бірлік, достық, татулық

Бабалардан қалған дәстүр айтулы

Түгелденіп төртеуіміз төрде тұр

Тәуелсіздік туы мәңгі тұғырлы

Би: «Неміс бии»

Жүргізуші: Назданып бүгін өмір нұрлы күні,

Қыр беттің қызғалдаққа тұнды гүлі.

Мамыр боп, айбары асып асқақтайды,

Еңбек, Бақыт, Береке, Бірлік күні.

Міне, осыған сәйкес «Тапқыр достар» ойынын ұйымдастырмақшымыз. Студенттер 3 топқа бөлінеді.

Ол ойынның шарты ортадан 3 оқушы шығады. Жүргізуші ынтымақ, бірлік, достық жөнінде мақал-мәтелдердің басы айтылады, жалғасын жаңағы 3 оқушы айтады, осылай ұпай санымен есептеліп жеңімпаз анықталады.

Бірыс алды – (ынтымақ)

Бірлік болмай – (тірлік болмас)

(Ынтымақтың түбі) – игілік

Бірлік, ынтымақ - (байлық, бақ)

Тірлік, тірлік түбі - (бірлік)

(Татулықта) табыс мол

Біршілік болмай (Тіршілік болмайды)

Дос басыңа қарайды (Дұшпан аяғыңа қарайды)

Дос сыртыңнан мақтар, дұшпан (көзіңе мақтар)

Ағаш тамырымен мықты, Адам (дос –жарымен мықты)

Дос-егіз, (дұшпан-сегіз)

Досыңды мақтағаның - (өзінді жақтағаның)

Досы жоқ адам- (Тұзы жоқ тағам)

Досы көпті жау алмайды, (Ақылы көпті дау алмайды)

Теңге тиыннан, (Ынтымақ – ұйымнан).

Жүргізуші: Қаһарман, қас батырға дабылы сай,

Арманға жетелейтін ағыны бай.

Мен сені қуанышпен қарсы аламын,

Ажарың ақ – шуақты мамырым - ай.

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,

Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,

Мен оның қасиетті тілін сүйем,

Мен оның күдіретті үнін сүйем.

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,

Бәрі маған «Отан!» - деп сыбырлаған.

Жаным менің кеудемді жарып шық та,

Бозторғайы бол да оның шырылдаған.

Жүргізуші: Бұл күні қырқаларға гүл тұнады,

Бар әлем бір-ақ сәтте құлпырады.

Әлемге дос құшағын жая келген,

Армысың, бар халқымның ынтымағы!

Флешмоб: «Достық биі»

Жүргізуші: Әйнегі күн, шатыры аспан,

Кен дала, төсі толқыған ән.

Көлдері көкке күмістер шашқан,

Қазақстан-Республикам менің!

Жүргізуші: Ынтымағы жарасқан береке күн,

Білдіреді болашақ ел ертеңін.

Татулық пен достығың арта берсін,

Құтты болсын бүгінгі мереке күн.

Күні кеше ғана Елбасы жолдауынан қуат алып жігерленген жұртшылық бірлік пен тірлік, бейбітшілік, достық салтанат құрғанда дана бақыт пен шаттық, ынтымақтастық орнаған да ғана болашағымыз баянды болатынына кәміл сенеді.

Жүргізуші: Қазақ жері достықтың гүлстаны,

Дархан өлкем мерейлі ырыс бағы.

Күрестерде еңбекте, мерекеде,

Мұнда сан ұлт қолдасып ту ұстады.

Ән: «Атамекен»

Жүргізуші: Ұлыстарымыз тамыр болған ежелден,

Кімдер қашсын қазақтайын ер елден.

Достығымыз ғасырларға жарасқан,





Туған елім, шарықтай бер кемелден!

«Ынтымағы жарасқан туған өлкем – Қазақстан» - атты 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған тәрбие сағаты осымен аяқталды.

ПАРАЛЛЕЛОГРАММ, РОМБ, ТІКТӨРТБҰРЫШ, ШАРШЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН БЕЛГІЛЕРІ

*АКРАМОВА Мархаба Абдихалиловна,
№47 жалпы орта мектебінің математика пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы*

Оқу мақсаты:		8.1.1.3 - параллелограмм анықтамасын білу;			
Бағалау критерийі:		- параллелограмм анықтамасын білу.			
Саралап оқыту тапсырмалары					
Ұжымдық жұмыс. Жаңа тақырыптың түсіндірілуі. Сабақ мақсаты мен бағалау критерийлерін таныстыру. Бейнероликті қолдана отырып, бекіту тапсырмаларын орындату.		Бірлескен жұмыс (1,2,3 тапсырма) Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету. Бекітуге арналған тапсырмаларды орындату. Тапсырмалардың жауаптарын жазу.		Жеке жұмыс. Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы.	
Уақыты	Кезеңдер	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті	Бағалау
2 минут	Ұйымдастыру	Сәлеметсіздерме! Бүгін, Көпбұрыш. Дөңес көпбұрыш тақырыптарын қарастырамыз.		Амандасу Үй тапсырмасын айтады.	Ресурстар Оқулық

		<p>Бүгінгі сабақта меңгеретінің: - параллелограмм анықтамасын білу; Оқушылармен амандасу, түгендеу, сабаққа дайындықтарын тексеру. 1) Көпбұрыш деген не? 2) Дөңес көпбұрыш деп нені атайды? 3) Дөңес емес көпбұрыш деп нені атайды? 4) Дұрыс көпбұрыш деген не? сұрақтарын қоямын.</p>	Сұрақтарға жауап береді.																										
8 минут	Жаңа сабақ	<p>Параллелограмм ережесі: Қарама-қарсы қабырғалары қос-қостан параллель болатын төртбұрыш параллелограмм деп аталады. Параллелограммның бір төбесінен қарсы жатқан қабырғасына түсірілген перпендикуляр оның биіктігі деп, ал биіктігі түсірілген қабырға табаны деп аталады.</p>  <p><i>Параллелограмм қасиеттері</i></p>  <p>1) $AB = CD, AD = BC$ 2) $\angle A = \angle C, \angle B = \angle D$ 3) $AO = CO, BO = DO$</p>	<p>«Параллелограмм анықтамасы мен параллелограмм қасиеттерін қорытып шығару» тақырыбында ақпарат. Параллелограммның мынадай үш қасиеті бар: 1. Параллелограммның қарсы жатқан бұрыштары тең; 2. Параллелограммның диагональдары қиылысу нүктесінде тең екі бөлікке бөлінеді. 3. Параллелограммның бір қабырғасына іргелес бұрыштарының қосындысы 180°-қа тең. Тақырып бойынша ресурстарды қарап, танысады.</p>	 <p>- керемет - жақсы - нашар</p>	Презентация Слайд																								
